





Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Психология Ғылымына кіріспе

1-дәріс



Мандыкаева Алмагуль Рамазанқызы
Психология ғылымдарының
кандидаты, доцент м.а.



8кредит

Әлеуметтік және саяси білім модулі

Әлеуметтану

Саясаттану


Мәдениеттану

Психология



Пәннің мақсаты

Студенттердің бойында, олардың кәсіби іс-әрекетіне қажетті тұлғааралық қарым-қатынастың психологиялық теория мен тәжірбиесі аймағында әлеуметтік-тұлғалық және инструменталды құзыреттілікті қалыптастыру



Психологиялық білім,
психологиялық мәдениет,
психологиялық құзыреттілік

Дәріс жоспары

- 1 Психология ғылым ретінде. Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі психологияның орны мен міндеттері.
- 2 Заманауи тұлғаның қалыптасуы мен қоғамдық сананы жаңғырту жағдайындағы психология мен психологиялық білімдердің мәні.
- 3 Психология тиімді өмір сүру факторы ретінде (бизнес, спорт, денсаулық сақтау, жарнама психологиясы және т.б.).
Заманауи психологияның салалары.
- 4 Психологияның әдістері мен әдістемелері.

Психология ғылым ретінде

Психология(гр.–жантуралылім) - бұладамдарменжануарлардыңмінез-құлқы мен психикалық процестерін зерттейтін ғылым.

Дамудың негізгі кезеңдері

- I кезең (ғылыми кезеңге дейін — б.з.д.VII-VI ғғ.) -психологияны жан туралы ғылым ретінде зерттеу (Аристотель);
- II кезең (XVII ғасырдың басы) — психологияны сана ғылымы ретінде зерттеу. (Рене Декарт, Б.Спиноза, Д. Локк). Сананың анықтамасы, адамның жоғары жүйке қызметінің қасиеті - ойлау, пайымдау және шындыққа деген көзқарасын анықтау қабілеті пайда болады;
- III кезең (XX ғасырдың басы) - психологияны мінез-құлық ғылымы ретінде зерттеумен сипатталады. Осы кезеңдегі психологияның негізгі міндеті - адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін және реакциясын бақылау. Психологияның дербес ғылым ретінде қалыптасуы, сондай-ақ эксперименттік психологияның қалыптасуы мен дамуы (Д. Уотсон, У. Хантер, К. Лешли, Б. Скиннер, Э. Торндайк, Э. Толмен);
- IV кезең - бұл кезең психологияның психиканың объективті заңдылықтарын, олардың көріністері мен механизмдерін зерттейтін ғылым ретінде қалыптасуын сипаттайды. 1879 жылы Германияда алғашқы психологиялық эксперименттік зертхана ашылды (В.Вундт).

"Ашық дағдарыс" кезеңі (XX ғасырдың 10-30 жж.)

- **Гештальтпсихология** – тұтастық феномен өрісі (М. Вертгеймер, В.Келер, К. Коффка)
- **Бихевиоризм** – мінез-құлық (Э. Торндайк, Б.Ф. Скиннер, Дж. Уотсон)
- **Психоанализ** – бейсаналық процестер (З. Фрейд)
- **Мәдени-тарихи психология** – жоғары психикалық процестер (Л.С. Выготский)

Психологияның қазіргі даму кезеңі (60-жылдарға дейін)

Жаңа бағыттардың пайда болуы:

- **Гуманистік психология** - өзін-өзі тану (А. Маслоу, К. Роджерс, Г. Олпорт).
- **Когнитивтік психология** - танымдық процестер (Ж. Пиаже, В.П. Зинченко)
- Психологияға қатысты зерттеулер қазақ ғалымдары Ш. Әлжанов, С. Балаубаев, С. Қожахметов, Ә. Сыдықов, Т. Т. Тәжібаев, А. Темірбеков және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жариялана бастады.

Психология ғылымының анықтамалары

- **psyche** – жан + психика
- **logos** – ілім, ғылым

Ψ


- **Психология**- сана туралы ғылым (Вильгельм Вундт)
- **Психология**- саналы және бейсаналы әрекеттер туралы ғылым (Зигмунд Фрейд)
- **Психология** - мінез-құлық туралы ғылым (бихевиоризм, Уотсон, Торндайк)

Психология ғылымы

Психикалық құбылыстардың пайда болу заңдылықтарын зерттейді. Зерттеу пәні – психика, психикалық құбылыстар


Психика

1. Жүйке жүйесінің қызмет ету қасиеті
2. Объективті дүниенің субъективті бейнесі
3. Адамның жан-дүниесінің сапалық күйі мен сипатын жинақтайтын рухани бірлестігі




Психиканың даму деңгейлері


1. Психиканың сенсорлы даму деңгейі
2. Психиканың перцептивті даму деңгейі
3. Психикалық интеллектуалды даму деңгейі



Психиканың даму формалары

Тітіркенушілік,
рефлекс,
динамикалық
стереотип,
ИНСТИНКТ..... сана






Психиканың көрінуінің негізгі формалары

- ✓ Танымдық (танымдық) процестер: түйсік, қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау, қиял, елес.
 - ✓ Мотивациялық-қажеттілік процестері: мотивтер, қажеттіліктер, ұмтылыстар, мақсаттар, қызығушылықтар, тілектер және т. б.
 - ✓ Эмоционалды-еріктік процестер: эмоциялар, сезімдер, аффект, көңіл-күй, ерік сапалары және т. б.
 - ✓ Тұлғаның жеке даралық психологиялық ерекшеліктері: темперамент, мінез, қабілеттер, тұлғалық қасиеттер
 - ✓ Өзіндік сана (өзін-өзі бағалау, өзіндік қатынас, «Мен» бейнесі, «Мен» тұжырымдамасы, өзін-өзі түсіну және т.б.)
- 

Сұрақтар:

- Психология ғылымының зерттеу объектісі мен пәнін атап беріңіз?
- Психологияның даму тарихында Жан туралы қандай ілімдерді сипаттауға болады?




Психологияның адам туралы ғылымдар жүйесіндегі орны мен міндеттері

Негізгі міндет –
психикалық құбылыстар
мен процестердің
қалыптасу,
даму және көріну
ерекшеліктерін
зерттеу



Психологияның басқа ғылымдар жүйесіндегі орны: Кедров үшбұрышы



- Психологияға 3 нүктеден қарау - 3 ғылыми бағыттың көрінісі):
- жаратылыстану ғылымдары (ең алдымен биология, физиология)
- қоғамдық ғылымдар, әлеуметтану; философия.
- + қазіргі жағдай (үшбұрыш тетраэдрге дейін толықтырылады) – математика, информатика, компьютерлік ғылымдар

Психологияның теориялық және практикалық міндеттері



- Адамның жан дүниесінде болып жатқанын құбылысты сипаттау
- Адамның жан дүниесінде болып жатқан құбылысты түсіндіру
- Адамның жан дүниесінде болып жатқан құбылысты бақылау
- Мінез-құлықты болжау

Сұрақтар:



- Қоғамдағы соңғы өзгерістер психологияның негізгі зерттеу мәселелері бола алады ма? Неліктен?
- Психология ғылымын өзіңіздің кәсіби салаңыздың ғылыми бағытымен қалай байланыстырар едіңіз?.



Психология тиімді өмір сүру факторы ретінде (бизнес, спорт, денсаулық сақтау, жарнама психологиясы және т.б.)

- Тұрмыстық психологиялық білім

- Ғылыми психологиялық білім



Тиімді өмір сүру үшін...

- Психологиялық білім
- Психологиялық сауаттылық
- Психологиялық даярлық
- Психологиялық мәдениет
- Психологиялық құзіреттілік



Заманауи психологияның салалары

Іс-әрекет сипаты бойынша:

- Еңбек психологиясы
 - Педагогикалық психология
 - Медициналық психология
 - Заң психологиясы
 - Әскери психология
 - Спорт психологиясы
- және т. б.

Даму бойынша:

- Жас ерекшеліктер психологиясы
 - Салыстырмалы психология
 - Балалар психологиясы
 - Арнайы психология
- және т. б.

Тұлға мен қоғамның
қарым-қатынас
қағидасы бойынша:

- Әлеуметтік психология
 - Тұлға психологиясы
 - Қарым-қатынас психологиясы
- және т. б.
- 

Қазіргі психология және оның салалары

Қазіргі психология көп салалы сипатқа ие:

1) жалпы психология

2) психологияның арнайы салалары:


□ іргелі (әлеуметтік психология, даму психологиясы, нейропсихология, клиникалық психология, зоопсихология, дифференциалды психология және т. б.)

□ пәнаралық (психогенетика, психофизиология, психолінгвистика және т.)

3) психологияның қолданбалы салалары (спорт психологиясы, жарнама психологиясы, басқару психологиясы, ғарыштық психология, заң психологиясы, педагогикалық психологиясы, саяси психологиясы, өнер психологиясы, еңбек психологиясы және т.б.).

Сұрақтар:

- Кәсіби іс-әрекеттіңізде жетістіктерге жету үшін психологияның қай саласы маңызды деп есептейсіз?
- Не себептен?




Психология әдістері

Бастапқыда ғылымизерттеулерде өңделіп әзірленеді, одан соң психолог-практиктің кәсіби іс-әрекетінде диагностикалау, дамыту және түзету, психопрофилактикалық және т. б. мақсаттарда қолданады.

Қолданылу аясына қарай психодиагностикалық зерттеу әдістерін төрт топқа бөлінеді:

1. Ұйымдастыру әдістері.
2. Эмпирикалық әдістер.
3. Мағлұматтарды өңдеу әдістері,
4. Интерпретациялық әдістер.



Психология әдістері – психиканы танып-білудің әдістері мен құралдары

Психологиялық әдістері

- Бақылау
- Эксперимент
- Сауалнама
- Тестілеу
- Сұхбат

Психофизиологиялық әдістері

- Сенсомоторлы реакциялардың электрокардиограммасын, тремор көрсеткіштерін және т. б. тіркеу

Математикалық әдістері

- Деректерді статистикалық өңдеу әдістері

Ақпаратты жинауға бағытталған эмпирикалық әдістер

Әдістердің қолданылу бағытына қарай

- Объективті әдістер.
- Субъективті әдістер.
- Жобалау әдістері.

Іс-әрекеттерді орындау тәсілдері мен нәтижелеріне қарай:


- Жеке тұлғаны зерттеу тестері.
- Іс-әрекетті зерттеу тестер
- Ситуациялық тестер
- Ақыл-ойды зерттеу тестері
- Қабілетті зерттеу тестері
- Жетістікке жетуді зерттеу тестері.
- Бағыт-бағдарды зерттеу тестері

Зерттелушінің өзі туралы берген мәліметіне негізделген өлшемдер

- Тұлғалық және арнайы сауалнамалар.
- Өзекті және өткен мәселелер жөнінде сұхбат алу.
- Биографиялық әдіс.
- Белгілі бір жағдайларға байланысты жеке тәртібін баяндау.
- Проективті әдістер

Сұрақтар:

- Психология әдістерін қолдануда қандай қиыншылықтар болуы мүмкін?
- Психологиялық зерттеу әдістеріне сипаттама беріңіз.



Дереккөздер мен сілтемелер

- Гамезо М.В., Домашенко И.А. Атлас психологии: Информ.-метод. пособие курсу : «Психология человека». - М.: Педагогическое общество России, 2004. - 276 с.
- Джакупов С.М. Введение в общую психологию. – А.: Қазақ университеті, 2014
- Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию. Курс лекций. — М.: «ЧеРо», при участии издательства «Юрайт», 2002. – 336 с.
- Майерс Д. Психология /пер. с англ. И.А. Карпиков, В.А. Старовойтова. – 4-е изд. - Минск: «Попурри», 2009. – 840 с.
- Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. СПб, Питер, 2002.
- Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона : в 86 т. (82 т. и 4 доп.). — СПб., 1890—1907.
- Федоров А.А. К прояснению взглядов Б.М. Кедрова на прояснение места психологии в системе наук. Вестник Серия Психология, Том 6, выпуск 2. 2012 С. 14-21.

<https://www.litmir.me/br/?b=159356&p=1>

Суреттер интернеттен алынған

Назарларыңызға рахмет!

